

И. Бекзатқызы 

ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
e-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала Ақмола облысының тарихи топонимдерін қайта қалпына келтіру мәселелеріне арналған. Зерттеуде аумақ топонимиясының өзгеріске ұшырауының тарихи-саяси аспектілері, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдердегі қоныс аудару саясатының нәтижесінде пайда болған елді-мекен атаулары, тәуелсіздік жылдарындағы ономастикадағы жаңа өзгерістер мен бұрмаланған жер-су атауларын қалпына келтіру мәселелері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты идеологиялық тұрғыдан ескірген елді-мекен атауларын нақты деректер негізінде қайта қалпына келтіру болып табылады. Аймақтың топонимикалық жүйесінің қалыптасуына аумақтағы халықтар қоныстануының тарихи кезеңдері, ежелгі көші-қон мен ұлтаралық байланыстар, этностардың таралуы және ғасырлар бойы қазақ жерінде орын алған тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер де әсер етті. Жүргізілген топонимикалық зерттеулер облыс аумағына түрлі этникалық топтардың қоныстануы нәтижесінде аймақ топонимдерінің өзгеріске ұшырағандығынан ауқымды ақпарат берді. Зерттеу нәтижесінде облыстың тарихи топонимдерін қалпына келтіру қажеттілігі анықталды. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Мақаланы жазу барысында жергілікті өлкетанушылардың жазбалары мен автордың зерттеліп отырған аумақта жүргізген далалық этнографиялық экспедицияларының материалдары пайдаланылды. Мақалада облыс аумағындағы кейбір елді-мекендердің тарихи атаулары ұсынылған. Ұсынылған мәліметтер архив құжаттары мен картографиялық материалдарға негізделген.

Түйін сөздер: тарихи географиялық атаулар, топонимдер, мәдени мұра, тарих, ойконимдер, топонимдерді қалпына келтіру, Ақмола облысы.

I. Bekzatkyzy

National Heritage Research Institute of the National Museum
of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

Issues of Restoration of Historical Toponyms of the Akmola Region

The article is devoted to the restoration of historical toponyms of the Akmola region. The study examines the historical and political aspects of the transformation of the toponymy of the territory, the names of localities that arose as a result of the migration policy in the pre-revolutionary and Soviet periods, as well as the process of changes in onomastics over the years of independence and the restoration of distorted geographical names. The aim of the research is to restore ideologically outdated names of localities based on scientific data. On the formation of the toponymic system of the region influenced historical stages of the settlement, ancient migrations and interethnic contacts, areas of ethnic, historical, political and socio-economic changes. Held toponymic studies have provided extensive material about the transformation of place names of the region as a result of settlement of various ethnic groups in the region. The study revealed the need to restore the historical names of ideologically outdated toponyms of the region. This determines the relevance of the topic. In the course of writing the article, local history notes of local historians and materials of field ethnographic expeditions conducted by the author on the territory under study were used. The article presents the historical names of some localities in the region. The information provided is based on archival documents and cartographic materials.

Key words: Historical geographical names, toponyms, cultural heritage, history, oikononyms, restoration of toponyms, Akmola region.

И. Бекзатқызы

Научно-исследовательский институт «Халық қазынасы»
Национального музея РК, Казахстан, г. Нур-Султан,
e-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

Вопросы восстановления исторических топонимов Акмолинской области

Статья посвящена вопросам восстановления исторических топонимов Акмолинской области. В исследовании рассматриваются историко-политические аспекты трансформации топонимии территории, названия населенных пунктов, возникших в результате переселенческой политики в дореволюционный и советский периоды, а также процесс изменений в ономастике за годы независимости и вопросы восстановления искаженных географических названий. Целью исследования является восстановление идеологически устаревших названий населенных пунктов на основе научных данных. На формирование топонимической системы региона повлияли исторические этапы заселения территории, древние миграции и межнациональные контакты, ареалы этносов, исторические, политические и социально-экономические изменения. Проведенные топонимические исследования дали обширный материал о трансформации топонимов региона в результате расселения различных этнических групп на территории области. В результате исследования была выявлена необходимость восстановления исторических топонимов области. Это определяет актуальность темы. В ходе подготовки статьи были использованы краеведческие записки краеведов и материалы полевых этнографических экспедиций, проведенных автором на исследуемой территории. В статье представлены исторические названия некоторых населенных пунктов на территории области. Представленные сведения основаны на архивных документах и картографических материалах.

Ключевые слова: исторические географические названия, топонимы, культурное наследие, история, ойконимы, восстановления топонимов, Акмолинская область.

Кіріспе

Қазақ халқының мәдени мұрасының маңызды бөліктерінің бірі – ұлттық топонимдер. Топонимдер қазақ халқының төл тарихы, ана тілі мен сан ғасырлық материалдық және рухани мәдениетінің бай мұрасы сақталған ұлттың тарихи-мәдени коды болып табылады. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеологиясының негізгі белгілерінің бірі ретінде тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесі үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие. Тарихи географиялық атауларды зерттеу және оларды қалпына келтіру жердің этникалық тиістілігін анықтауға және халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын қайта жандандыруға мүмкіндік береді.

Географиялық атаулар сол жердің мәдени, әлеуметтік, саяси, экономикалық және табиғи аспектілерімен байланыс орнатуға мүмкіндік береді (Beatriz, 2015:8). Әрбір топонимикалық атау әдетте тарихи-мәдени-әлеуметтік жағдайлармен және белгілі бір ұлттың өзіндік (мәдени) ерекшелігі қалыптасқан табиғи ортасымен, яғни қандай да бір этникалық қауымның мәдениетіндегі бірегей айырмашылықтармен байланысты. Сондықтан әрбір географиялық атау белгілі бір дәрежеде тарихи-мәдени құндылыққа ие (Le Minh Tam, 2015:17). Сондай-ақ, топонимдер сол жерде орын алған тарихи оқиғалардан

ақпарат беретін құжаттық сипатқа ие. Оларда жазбаша тарихи дереккөздерде сақталмаған ежелгі, тарихи және мәдени ақпараттар бар. Кейбір жерлер туралы мәліметтер мен құжаттар болмаған жағдайда топонимдер сол жердің құпиясын ашуға көмектеседі (Amirahmadian, 2009:1).

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, географиялық атауларды мәдени мұра ретінде сақтау көп елдерде жолға қойылған. Топонимдерді зерттеу және сақтаумен айналысатын арнайы комитеттер, ұйымдар, институттар мен орталықтар жұмыс істейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атаулар бойынша сарапшылар тобы топонимдерді халықаралық қарым-қатынастың ажырамас бөлігі деп таныды (F. Lauder., M. Lauder, 2015: 383). ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияға бастама жасаған кезде географиялық атаулар әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде айтарлықтай маңызға ие болды. Географиялық атаулар шын мәнінде материалдық емес мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады (Helleland, 2016:1.)

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап дербес топонимикалық саясат жүргізіп келеді. Осы уақыт аралығында географиялық нысандардың бастапқы тарихи атауларын қалпына келтіру, топонимдердегі қателер мен бұрмалауларды

анықтау және түзету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Соған қарамастан көптеген қалалар, елді-мекендер мен географиялық нысандар зерттеу мен тарихи атауын қалпына келтіруді әлі де болса қажет етеді. Осындай маңызды шараны жүзеге асыруда географиялық атауларды тарихи деректерге сүйене отырып, қалпына келтіру зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық, деректанулық талдау және зерттеуге объективті көзқарас қағидаттарына негізделеді. Кең ауқымды архив дереккөздеріне негізделген тарихилық қағидаты зерттелетін тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада берілген мәліметтердің нақтылығына көз жеткізу үшін деректанулық әдісі қолданылды. Бұл нақты тарихи мәселені және тұтас тарихи процесті терең әрі тиімді зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи-географиялық, тарихи-лингвистикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Бұл топонимдердің қалыптасу тарихын, бастапқы мағынасы мен олардың өзгеріске ұшырау себептерін жете зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің жаңалығы ретінде ізденіс барысында қол жеткізген облыс аумағындағы кейбір елді-мекендердің тарихи атаулары ұсынылады. Ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (әрі қарай – КРОМА) №317 (Переселенческое управление в Акмолинской области) және Омбы облыстық тарихи архивінің (әрі қарай – ООТА) №198 (Коллекция картографических документов за 1766-1917 годы) қорларының архив материалдарына негізделген. Мақалада орыс географтары мен саяхатшыларының еңбектері, жергілікті өлкетанушылардың жазбалары және автордың зерттеліп отырған аумақта жүргізген далалық этнографиялық экспедицияларының материалдары пайдаланылды. Аталған дереккөздер мақаланың мазмұны мен ғылыми жаңалығын ашуға мүмкіндік берді.

Ақмола облысының топонимикасы И. Словцов (1878), О. Сұлтаньяев (2015), А. Әбдірахманов (2015), К. Әмірқызы (2001), А. Маканова (2004) және басқа да ғалымдардың еңбектерінде жарық көрді. Бұл тұрғыда құнды еңбектердің бірі И.Я. Словцовтың «Путевые заметки введенные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году» жолжазбасы болып табылады. Мұнда автор

аймақтың географиялық нысандарына сипаттама беріп, бірқатар географиялық атауларды картаға түсірді. Өлкетанушының бұл жазбалары 1878 жылы Ертіс өзенінің сол жағалауы мен Есіл өзенінің оң жағалауы арасындағы қазақ даласының солтүстік бөлігінде және Омбы мен Петропавл арасындағы саяхаты кезінде қағазға түскен (Словцов, 1878).

Аймақ топонимдеріне тарихи-лингвистикалық талдау белгілі лингвист, филология ғылымдарының докторы О.А. Сұлтаньяевтың еңбектерінде көрініс тапты. Ғалым өз зерттеулерінде топонимдерді құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктері бойынша талдап, атаулардың этимологиясына көп көңіл бөлді (Сұлтаньяев, 1971). Профессор А. Әбдірахманов пен О.А. Сұлтаньяевтың «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігінде» Көкшетау өңірінің 2000-ға жуық жер-су атаулары қамтылып, ерте кезеңдерге тән ескі атаулардың шығу төркіні анықталған (Абдірахманов, Сұлтаньяев, 2015).

География ғылымы тұрғысынан Ақмола облысының географиялық атауларын жүйелі топонимикалық талдауға арналған ғылыми жұмыс А.У. Маканованың «Ақмола облысының географиялық нысандары номинациясының табиғи негіздері» тақырыбындағы диссертациясы болып табылады. Автор өз зерттеуінде Ақмола облысының географиялық нысандары атауларының ақпараттық деректер базасын құрып, оларға статистикалық талдау жүргізді. Бұл еңбек топонимиканың географиялық бағытын дамытуға елеулі үлес қосты (Маканова, 2004).

2018-2020 жылдар аралығында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты ҚР Білім және ғылым министрлігінің №BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау» жобасын жүзеге асыру аясында Ақмола облысының топонимикалық жүйесіне зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Нәтижелер

Ғасырлар бойы түрлі саяси оқиғалардың куәсі болған қазақ жеріндегі елді-мекен, жер-су атауларының түрлі қабаттары (қытай, парсы, араб, моңғол, қалмақ, орыс) әр кезеңдердегі жаугершілік, басқыншылық заманның, саяси-әлеуметтік жағдайлардың айқын көрінісі. Дегенмен қытай, парсы, араб, моңғол, қалмақ тілдеріне қатысты топонимдер қазақ даласында аз кездеседі және олардың басым тобы

қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, тілімізге сіңісіп кеткен. Тілдік қабаттардың ішінде ең көп тарағаны орыс тіліндегі топонимдер болып табылады.

Біз тарихи-географиялық тұрғыдан зерттеу нысаны етіп алып отырған Ақмола аймағында, дәлірек айтқанда Көкше жерінде 1740 жылы Орта жүз руларының солтүстік көршіміз Ресейге қосылуы туралы шешімі қабылданды. Көкшетау аймағының тарихы ресми әдебиеттерде Сарыарқа арқылы Омбыдан Орынборға дейін бекіністер, станицалар мен қоныстар салына бастаған уақыттан белгілі (Таңғажайып өлке..., 2009: 9). Бұл тарихи оқиға өңірдің топонимикасына айтарлықтай әсер етті.

Орыс атауларының қазақ жерінде өрістей түсуіне 1861 жылғы шаруаларды басыбайлы құлдықтан босатқан патшалық Ресейдің аграрлық саясаты да әсер етті (Жартыбаев, 2008:87). Аграрлық реформада Ресейдің ішкі аудандарындағы жер тапшылығын шешумен қатар, орыс шаруаларын көшіру арқылы шалғайдағы отар аймақтарды игеру көзделді. Алғашқы қоныс аударушылар егіншілікке ыңғайлы әрі климаты салыстырмалы түрде жұмсақ Көкшетау уезіне қызығып, осында қоныстана бастады. Кеңес дәуірі мен 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты кезіндегі идеологиялық саясат нәтижесінде жаңа атаулар пайда болып, географиялық атаулардағы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсететін топонимдерді ауыстыру қарқынды жүрді. Осылайша, XVIII ғ. I жартысынан басталып, XIX ғ. аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтауымен байланысты орыс тіліндегі географиялық атаулар қазақ жерінде жаппай көбейе бастады (Маканова, 2004:107).

Осылайша, қалалар мен елді-мекендердің атауын өзгерту құбылысы тарихи дамудың ерекшеліктеріне қарай Қазақстанда барлық кезеңдерде болып отырды. Топонимдердің трансформациялануының жоғары дәрежесі географиялық нысанды қайта атау, яғни бұрынғы атауын жою болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір тарихи атаулар қайтарылып, кейбіріне жаңаша атау берілгенмен, бүгінгі таңда зерттеу мен жаңғыртуды қажет ететін географиялық нысандар атауы жетерлік. Аймақ топонимикасын зерттеу барысында қоныс аудару саясаты кезінде атаулардың өзгеріске ұшырау барысы сипатталған архив деректеріне қол жеткіздік.

ООТА 1766-1917 жылдардағы картографиялық құжаттар топтамасында сақталған Ақмола облысының XIX ғ. соңы – XX ғ. бас кезіндегі қоныс аудару карталары аймақ топонимиясының

өзгеріске ұшырау барысынан мол ақпарат береді. Мәселен, Көкшетау уезінің топырақ картасы (ООТА, I. 111 а) бойынша 1895 жылы аумақтағы Қояндыкөл ауылының жанына Ковалевский, 1898 жылы Арықбалық ауылына Успенско-Юрьевский, Тассуатқа Новокиевский, Тоқтамыс жеріне Ергольский деген атпен қоныс аударушылар ауылдары орналасқан. Сондай-ақ, Аймырза және Жанпейіс қоныстарының ортасындағы Ұрынқай ауылының жанына Дмитриевский поселкесі орнаған. Бұл деректерден қазіргі Бурабай ауданына қарасты Успенюрьевка елді-мекенінің байырғы атауы Арықбалық, Дмитриевка ауылының бастапқы атауы Ұрынқай болғандығын көруге болады (1-сурет).

Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы жерлерінің картасында (2-сурет) көрсетілген дерек бойынша қазіргі Атбасар ауданында бірнеше қоныс аударушылар ауылдарының пайда болуы нәтижесінде Байжігіт жері Ново-Александровская, Амантай – Маринская, Қараоба – Таволжанский, Қарабай – Астраханский, Шаншар – Ново-Черкасский, Жыланды – Петровское, Қарамендік – Покровский, Тасмола – Семеновский, Бармақ – Максимовский, Қоныс – Джималаевский болып өзгерген (ООТА, I.13).

Бұл деректерді ҚРОМА (8-қор) құжаттары да растайды. Яғни, қоныстандыру барысында төрт бос жер телімі таңдап алынып, олардың барлығы Есіл болысының аумағында, Қараменді, Жыланды, Шаншар, Қараоба пошта бекеттерінде орналасқан. Кейіннен Қараменді жері Покровское, Жыланды – Петровское, Шаншар – Ново-черкасское, Қараоба – Таволжанка аталып кеткен (ҚРОМА, I. 198).

Келесі бір дереккөзде Шаншар ауылының үстіне Новочеркасское ауылын Доннан қоныс аударушылар 1895 жылы салғаны жайындағы деректер жазылған (Әмірқызы, 2001:37-38). Қараоба жеріне 1890 жылы Таволжанка поселкесін салушылар Самар губерниясының Николаев оязы, Таволжан болысынан келгендіктен ауылдың атын да Таволжанка қойған. 1899 жылы Балықты көлін мекендеп отырған аға сұлтан Ыбырайдың тұңғышы Теңізден туған Садық қажының жеріне Саратовтан келгендер «Камышинское» деп ат қойып, қоныстанған. 1895 жылы Қушоқы мен Қоскөлді мекендеп отырған ауылдардың жерлері Эстляндия, Лифляндия губернияларынан келген эстондықтарға бөлініп беріліп, олар Петровское деп атап, орналасқан. Бұл жерде ордалы жыланға мекен болған қырат жақын болғандықтан, қазақтар оны «Жыланды» деп атаған (Әмірқызы, 2001:38-39).



1-сурет – Ақмола облысы Көкшетау уезінің сортаң, қара топырақты, батпақты, карбонатты, әлсіз-сортаң топырақты және сулы қабаттардың шекаралары көрсетілген картасы



2-сурет – Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы жерлерінің картасы

Сондай-ақ, картографиялық деректер қазіргі Ақкөл ауданының құрамындағы Новорыбинка ауылының бастапқы атауы Шортанкөл, Бұланды ауданына қарасты Никольск ауылының алғашқы атауы Жарлыкөл болғандығын көрсетеді (2-сурет). Бұл мәліметтер «Ақмола уезінің Моншақты, Есіл, Ақмола, Нұра, Спасская және Шерубай-Нұра болыстарының картасында» да көрсетілген. Аталған карта Ақмола уезінің болыстары бойынша жүргізілген экспедиция барысында жергілікті тұрғындармен сауалнама жүргізу нәтижесінде құрастырылған (ООТА, I. 82). Сондай-ақ, ҚРОМА (8-қор) «Тобыл және Томск губерниясының қазыналық жерлеріне қоныс аударушыларды орналастыру туралы тізімдеме» құжаты бойынша 1893 жылы қоныс аударушылар Шортанкөл көлінің жағасына Рыбинский деген атаумен қоныс салып орналасқан. Бұл Новорыбинка ауылының бұрынғы атауы Шортанкөл болғандығының тағы бір дәлелі (ҚРОМА, I. 307).

1915 жылғы Ақмола облысы Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдеме деректері бойынша Зеренді ауданына қарасты Серафимовка ауылының байырғы атауы Қошқарбай болған. Сондай-ақ, Бурабай ауданындағы Дмитриевка ауылы Ұрынқай, Успенюрьевка – Арықбалық, Новоандреевка – Кеңашы, Златополье – Құмдықөл, ал Бұланды ауданындағы Вознесенка ауылы Үлкен Қайрақты, Капитановка – Айғай, Макинка – Аютөбе, Журавлевка – Қамыс деп аталған (ҚРОМА, I. 58а).

Семей және Ақмола облыстарында қоныс аудару учаскелерін құру туралы іс құжатында сақталған мәліметтер бойынша, Константиновка поселкесінің өлшеу жұмыстары 1894 жылы басталған. Ауыл Ақмола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай, Спасск болысының құрамында, Шортанды өзенінің орта ағысында орналасқан. Бұл қазіргі Аршалы ауданының аумағындағы Кенетай жері болатын. Кейін бұл жерге қоныс аударушылар орналасып, атауы Самара губерниясынан келген Константиновский деген диқаншының атымен аталып кеткен (ҚРОМА, I. 198).

XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында дала генерал-губернаторлығының қоныс аудару учаскелерін құру туралы бұйрығына сәйкес, көптеген елді-мекендерді қайта атау туралы шешім қабылданған. Мәселен, 1900 жылы Көкшетау уезінің Жабай жерінде пайда болған ауылда оны әкімшілік тұрғыдан Көкшетау уезінің Балкашин болысының құрамына қосу арқылы ауылдық қоғамдық басқару жүйесі

енгізілген. Осылайша бұл ауыл қоныстанушы шаруалардың шешімімен «Новгородский» деп аталған (ҚРОМА, I.203).

Ақмола облыстық басқармасының (369-қор) құжаттарында 1891 жылы Қотыркөл болысында Щучье станицасынан 50 шақырым жерде, Ақмола қаласына барар жолда, Аютөбе өзенінің жанында, сол жағалауда Макинское ауылы салынғаны жазылған. Бұл қазіргі Бұланды ауданына қарасты Макинка ауылы (ҚРОМА, I. 4549). Картографиялық деректе де Макинка ауылының Аютөбе төбесінде салынғаны көрсетілген (ООТА, I.48).

Қоныстану құжаттарында 2001 жылға дейін Рождественка аталып келген қазіргі Қабанбай батыр ауылы туралы деректер кездеседі. Ақмола облыстық басқармасына 1897 жылы жазылған баяндама бойынша Қызылжар жеріне салынған Рождественка ауылында неміс және орыс қоныс аударушылары қоныстанған. Олардың өзара тіл табыса алмауына байланысты санақ хатшысы Г. Куломзин мен Ақмола облысының бас әскери губернаторының шешімімен орыс қоныс аударушылары немістерден бөлініп, жеке қонысқа орналастырылады. Ол ауылды Русско-Рождественка деп атайды. Ал алдыңғы ауыл немецко-Рождественка деп аталады. Бұл дерек Рождественка ауылының тарихи атауы Қызылжар болғандығын растайды (ҚРОМА, I. 4591).

Сондай-ақ, Көкшетау уезінің Дмитриев болыстық басқармасының (660-қор) тіркеу құжаты бойынша қазіргі Бурабай ауданына қарасты Златополье ауылының тарихи атауы – Құмдықөл. 1908 жылғы әртүрлі губерниялардан көшіп келгендерді тіркеу құжатында ауыл аты Құмдықөл деп тіркелген. Ал 1909 жылы дәл осы құжатта ауыл аты Златополье болып өзгерген (ҚРОМА, I.2).

«1915 жылғы Көкшетау, Омбы, Атбасар және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдемелер» атты архив құжатында қоныс аудару ауылдарының ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес бекітілген жаңа атаулары мен олар орналасқан жердің алғашқы қазақ атаулары қоса берілген. Яғни, елді-мекен аттары бастапқыда ана тіліндегі қазақ атауларымен аталып, қоныс аударушылар келгеннен кейін ғана орыс тіліндегі атауларға алмастырылған (ҚРОМА, I. 58).

Осыған сәйкес, аталған архив деректерін негізге ала отырып, Ақмола облысының қазіргі таңда идеологиялық тұрғыдан ескірген бірнеше елді-мекендерінің тарихи атаулары ұсынылады (1-кесте).

1-кесте – Елді мекендердің тарихи атаулары

№	Елді-мекен аттары	Тарихи атауы
Сандықтау ауданы		
1	Новоникольск	Қояндыкөл
2	Новосёловка	Жалтыркөл
3	Веселое	Балапан
4	Быстримовка	Жалпаққарағай
5	Граниковка	Такыр Жыланды
6	Михайловка	Жыланды
7	Меньшиновка	Қарағайлысай
8	Васильевка	Шоққарағай
9	Спасское	Сарымсақты
10	Новоромановка	Үш аша
Есіл ауданы		
11	Орловка	Шолақ Сандық
Зеренді ауданы		
12	Серафимовка	Қошқарбай
Жақсы ауданы		
13	Лозовое	Қосағалы
Атбасар ауданы		
14	Макеевка	Адыр-Керегетас
Астрахан ауданы		
15	Акимовка	Сарыкөл
16	Таволжанка	Қараоба
17	Новочеркасское	Шаншар
18	Петровка	Жыланды
19	Камышенка	Балықты
Біржан сал ауданы		
20	Карловка	Аралтөбе
Бурабай ауданы		
21	Райгородок	Шыбындыкөл
22	Дмитриевка	Ұрынқай
23	Успеноюрьевка	Арықбалық
24	Новоандреевка	Кеңащы
25	Златополье	Құмдыкөл
Бұланды ауданы		
26	Гордеевка	Қарақоға
27	Никольское	Жарлыкөл
28	Новодонецк	Тереңөзек
29	Журавлевка	Қамыс
30	Вознесенка	Үлкен Қайрақты
31	Капитановка	Айғай
32	Макинка	Аютөбе

№	Елді-мекен аттары	Тарихи атауы
Ақкөл ауданы		
33	Новорыбинка	Шортанкөл
34	Урюпинка	Шолаққарасу
35	Радовка	Ақсуат
Ерейментау ауданы		
36	Новомарковка	Мыңшұқыр
Аршалы ауданы		
37	Михайловка	Мойылды
38	Белоярка	Ақжар
39	Ольгинка	Жыланды
40	Константиновка	Кенетай
41	Донецкое	Анаркөл
42	Раздольное	Ақтасты
Целиноград ауданы		
43	Преображенка	Жарқияк
44	Приречное	Тұмсық
45	Софиевка	Қойайырман

Байқағанымыздай, аталған елді-мекендердің байырғы атаулары түгелдей дерлік жергілікті жердің географиялық ерекшелігіне немесе кісі есіміне байланысты қалыптасқан. Яғни, көпшілікке түсінікті қазақ тілінің негізінде жасалған ұлттық топонимдер. Көптеген қоныс атаулары сол жердегі көл аттарымен аталған. Себебі су көздері көшпелілердің өмірінде, әсіресе көшіп-қону кезінде, тұрақ орындарын таңдауда бағыт-бағдар ретінде үлкен рөл атқарды. Олардың көпшілігі кейіннен сол жерде пайда болған елді-мекендердің атауларына айналды. Алдымен су нысандарының (гидронимдердің) атаулары пайда болып, содан кейін барып қалған топонимдердің пайда болуы топонимика заңдылығы болып табылады.

Қорытынды

Ақмола облысының топонимиясы қоғам дамуы процесінде түрлі сыртқы факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырады. Аймақ топонимдерінің өзгеріске ұшырауына қазақтардың Ресей империясының құрамына қосылуынан

бастап, тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына дейінгі түрлі саяси-тарихи оқиғалар әсер етті. Сол себепті облыс топонимдерінің біраз бөлігін славян текті атаулар құрайды. Орыс тіліндегі атаулар көбінесе ойконимдерде, яғни елді-мекен атауларында кездеседі. Топонимдер елді-мекендерді қайта атау, жаңа қонысқа жаңадан ат қою, тілдік ерекшеліктерге байланысты бұрмалану арқылы трансформацияға ұшыраған.

Зерттеу нәтижесінде архив деректеріне негізделген облыстың кейбір ойконимдерінің тарихи атаулары ұсынылды. Қазақ топонимиясының өзіндік келбетін көрсетуде жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері мен қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер негізінде қалыптасқан тарихи атауларымызды қалпына келтіру аса маңызды міндет.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау» жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Allan F. Lauder, Multamia R.M.T. Lauder. (2015). Ubiquitous place names Standardization and study in Indonesia. *Wacana* Vol. 16. No. 2. pp. 383-410.
- Bahram Amirahmadian. (2009). Historical Geographical Names: Their Role in the History and Identification of the Nations. *Other Toponymic Issues*. No. 68. Nairobi. p. 4.
- Beatriz Cristina Pereira de Souza. (2015). The Cultural Heritage of geographical names in the City of Petropolis, Rio de Janeiro – Brazil. *UNGEGN Information Bulletin*. NO.48. p. 60.
- Botolv Helleland. (2016). Chapter 22. Geographical Names as Cultural Heritage. p. 9.
- Le Minh Tam. (2015). Preserving and promoting the historical-cultural value of geographical names from the perspective of geographical name standardization in Viet Nam. *UNGEGN Information Bulletin*. NO. 48. p.60.
- Абдірахманов А., Сұлтаньяев О.А. (2015). Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігі. Көкшетау. 157 б.
- Әмірқызы К. (2001). Атақоныс ақиқаты. Астана: Елорда. 193 б.
- Жартыбаев А.Е. (2008). Орталық Қазақстан аймақтық топонимикасы. Қарағанды: Болашақ баспа. 379 б.
- КРОМА. Қ.317. Т.1. I.58 а. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках 3-го крестьянского участка (подрайона) Кокчетавского уезда, Акмолинской области за 1915 год.
- КРОМА. Қ.317. Т.1. I.58. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках Кокчетавского, Омского, Атбасарского и других уездах за 1915 год.
- КРОМА. Қ.369. Т.1. I.4591. Сведения о переселенческих поселениях, образованных на казенных землях Акмолинской области и о заселении их.
- КРОМА. Қ.369. Т.1. I.4594. Дело об образовании переселенческих участков в Акмолинском уезде и водворении в них немцев-колонистов.
- КРОМА. Қ.660. Т.1. I.2. Дмитриевское волостное правление Кокчетавского уезда
- КРОМА. Қ.8. Т.1. I.198. Дело об образовании переселенческих участков в Семипалатинской и Акмолинской областях
- КРОМА. Қ.8. Т.1. I.203. Материалы об образовании переселенческих участков в Степной генерал-губернаторстве
- КРОМА. Қ.8. Т.1. I.307. Ведомости о водворении переселенцев на казенный земли Тобольской и Томской губернии, о переселенческих участках образованных в 1893 году, о межевых работах по образованию переселенческих участков
- Маканова А.У. (2004). Природные основы номинации географических объектов Акмолинской области. Автореф.канд. дисс. Алматы. 30 с.
- ООТА. Қ.198. Т.1. I.111 а. Карта Кокчетавского уезда Акмолинской области с указанием границ солонцовых, черноземных, болотистых, карбонатных, слабо-солонцовых почв и водоносных слоев.
- ООТА. Қ.198. Т.1. I.13. Карта переселенческих и запасных участков Атбасарского уезда Акмолинской области.
- ООТА. Қ.198. Т.1. I.48. Карта переселенческих и запасных участков Акмолинской области, проектированных в 1897 г.
- ООТА. Қ.198. Т.1. I.82. Карта естественно-исторических районов и площадей киргизского общинно-аульного землепользования Мунчактинской, Ишимской, Акмолинской, Нуринской, части Спасской и Чурбай-Нуринской волостей Акмолинского уезда.
- Словцов И.Я. (1878). Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году. 199 с.
- Таңғажайып өлке – Бурабай. (2009). Ред. Б. Аяған. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 323 б.

References

- Allan F. Lauder, Multamia R.M.T. Lauder. (2015). Ubiquitous place names Standardization and study in Indonesia. *Wacana* Vol. 16. No. 2. pp. 383-410.
- Bahram Amirahmadian. (2009). Historical Geographical Names: Their Role in the History and Identification of the Nations. *Other Toponymic Issues*. No. 68. Nairobi, 5-12 May. p. 4.
- Beatriz Cristina Pereira de Souza. (2015). The Cultural Heritage of geographical names in the City of Petropolis, Rio de Janeiro – Brazil. *UNGEGN Information Bulletin*. NO. 48. p. 60.
- Botolv Helleland. (2016). Chapter 22. Geographical Names as Cultural Heritage. p. 9.
- Le Minh Tam. (2015). Preserving and promoting the historical-cultural value of geographical names from the perspective of geographical name standardization in Viet Nam. *UNGEGN Information Bulletin*. NO. 48. p. 60.
- Abdirahmanov A., Sultanaev O.A. (2015). Kokshetau onirinin jer-su ataulary sozdigi [Geographical dictionary of the Kokshetau region]. Kokshetau. p. 57.
- Amirkyzy K. (2001). Atakonys akikaty [The truth of the native land] Astana: Elorda. 193 p.
- Jartybaev A.E. (2008). Ortalyk Kazakstan aimaktyk toponimikasy [Regional toponymy of Central Kazakhstan]. Karagandy: Bolashak baspa. 379 p.
- KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.317. T.1. I.58a. Vedomosti o hode vodvorenia i zachislenia na pereselencheskih uchastkah 3-go krestianskogo uchastka (podraiona) Kokchetavskogo uezda, Akmolinskoi oblasti za 1915 god [Statements on the course of settlement and enrollment in the resettlement areas of the 3rd peasant section (subdistrict) Kokchetau district, Akmola region in 1915].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.317. T.1. I.58. Vedomosti o hode vodvorenia i zachislenia na pereselencheskih uchastkah Kokchetavskogo, Omskogo, Atbasarskogo i drugih uezdah za 1915 god [Statements on the course of settlement and enrollment in the resettlement areas of Kokchetav, Omsk, Atbasar and other counties for 1915].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.369. T.1. I.4591. Svedenia o pereselencheskih poseleniah, obrazovannyh na kazennyh zemliakh Akmolinskoi oblasti i o zaselenii ih [Information about resettlement settlements formed on the state lands of the Akmola region and their settlement].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.369. T.1. I.4594. Delo ob obrazovanii pereselencheskih uchastkov v Akmolinskom uezde i vodvorenii v nih nemsev-kolonistov [The affair of the formation of resettlement sites in Akmola County and the settlement of German colonists in them].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.660. T.1. I.2. Dmitrievskoe volostnoe pravlenie Kokchetavskogo uezda [Dmitriev volost governance of Kokchetav district].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.8. T.1. I.198. Delo ob obrazovanii pereselencheskih uchastkov v Semipalatinskoi i Akmolinskoi oblastakh [Affair on the formation of resettlement sites in Semipalatinsk and Akmola regions].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.8. T.1. I.203. Materialy ob obrazovanii pereselencheskih uchastkov v Stepnoi general-gubernatorstve [Materials on the formation of resettlement sites in the Steppe General government].

KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.8. T.1. I.307. Vedomosti o vodvorenii pereselensev na kazennyi zemli Tobolskoi i Tomskoi gubernii, o pereselencheskih uchastkah obrazovannyh v 1893 godu, o mejevyh rabotah po obrazovanii pereselencheskih uchastkov [Statements about the settlement of settlers on the state land of Tobol and Tomsk province, about the resettlement sites formed in 1893, about boundary work on the formation of resettlement sites].

Makanova A.U. (2004). Prirodnye osnovy nominatsii geograficheskikh obektov Akmolinskoi oblasti [*Natural foundations of nomination of geographical objects in Akmola region*]. Ph.D. thesis. Almaty. 30 p.

OOTA. [*Historical Archive of the Omsk region*]. K.198. T.1. I.111 a. Karta Kokchetavskogo ueza Akmolinskoi oblasti s ukazaniem granis solonsovyyh, chernozemnyh, bolotistykh, karbonatnykh, slabo-solonsovyyh pochv i vodonosnykh sloev [Map of Kokchetav county of Akmola region showing the borders of saline, black earth, swampy, carbonate, weak-saline soils and aquifers].

OOTA. [*Historical Archive of the Omsk region*]. K.198. T.1. I.13. Karta pereselencheskih i zapasnykh uchastkov Atbasarskogo ueza Akmolinskoi oblasti [Map of resettlement and replacement areas of the Atbasar district of Akmola region].

OOTA. [*Historical Archive of the Omsk region*]. K.198. T.1. I.48. Karta pereselencheskih i zapasnykh uchastkov Akmolinskoi oblasti, proektirovannyh v 1897 g [Map of resettlement and replacement areas of the Akmola region, designed in 1897].

OOTA. [*Historical Archive of the Omsk region*]. K.198. T.1. I.82. Karta estestvenno-istoricheskikh raionov i ploshadei kirgizskogo obshinno-aulnogo zemlepolzovania Munchaktinskoi, Ishimskoi, Akmolinskoi, Nurinskoi, chasti Spasskoi i Cherubai-Nurinskoi volostei Akmolinskogo uezda [Map of natural-historical districts and areas of kyrgyz communal-rural land use in Monshakty, Ishim, Akmola, Nura, parts of Spassk and Sherubau-Nura volosts of Akmola County].

Slovsov I.Ya. (1878). Putevye zametki, vedennyye vo vremya poezdki v Kokchetavskii uezd Akmolinskoi oblasti v 1878 godu [Travel notes taken during a trip to the Kokchetav district of Akmola region in 1878]. 199 p.

Tangajaiyp olke – Burabai. (2009). [Burabai – wondrous land]. Editor B. Ayagan. Almaty: Kazak ensiklopediasy. 323 p.